

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 163 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қазанда № 4540 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 125 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 07.07.2016 № 125 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1 тармақшасына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
3. Бөлековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

А. Бердалин

Әйтеке би ауданы әкімдігінің
"11" қыркүйектегі 2015 ж.
№ 163 қаулысымен
бекітілді

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік – аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын - орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын - орталықтар	Дербес толық күндік шағын - орталықтар
					Дербес жарты күндік - орталықтар
	Әйтеке би ауданы	693			

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын - орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын - орталықтар	Дербес толық күндік шағын - орталықтар	Дербес жарты күндік шағын - орталықтар
27373				

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата – аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын - орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын - орталықтар	Дербес толық күндік шағын - орталықтар	Дербес жарты күндік шағын - орталықтар
5500				